

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ
ТӨРАҒАСЫ Ж.Қ.АСАНОВҚА**

**адвокат Рахымжан Рыскулович
Мусакуловтан**

080012. Тараз қаласы

А Л Ғ Ы С Х А Т Ы

Мен Р.Мусакулов 2003 жылдың маусым айынан бастап, қазіргі уақытқа дейін Жамбыл облысы адвокаттар алқасының мүшесі ретінде, адвокаттық қызметпен айналысып келемін. Адвокаттық қызметін Республикамыздың аймақтарында, соның ішінде Тараз қаласында көбінше атқарамын.

Адвокаттық қызметпен айналысып, Тараз қаласының мамандандырылған Тергеу сотында судья Нариман Нургалиевич Садыркуловтың төрелік етумен өткен сот отырысында екі рет қатыстым.

Судья Н.Н.Садыркулов қылмыстық істі қараған кезде, істе болған және тараптар ұсынған дәлелдемелерді, жан-жақты толық қарап, өзінің ішкі сенімімен заңды және негізді шешімді қабылдағанына куә болдым.

Менің пікірім бойынша судья Н.Н.Садыркулов судьялық лауазымында өзіне жүктелген қызмет міндеттерін дұрыс, заң деңгейінде жүргізе білетін, білікті маман. Себебі, ол қылмыстық істі өз уақытында қарап, созбалаушылыққа салмай, заңда көзделген барлық құқықтар мен міндеттерді іске асыруға жағдай жасап, іс бойынша ұсынылған өтініштерді қарап, іске қатысы барын қанағаттандырып отыратынына көзім жетті.

Сондықтан, мен судья Н.Н.Садыркуловты кәсіби заңгер деп санап, оған және Сізге өз алғысымды айтамын.

Құрметті Жақып Қажыманұлы, Сіздің басшылығыңызда қызмет атқарып отырған судья Н.Н.Садыркуловтың тәжірибесі мен кәсіптік деңгейін ескере отырып, оны келе жатқан ҚР-ның тәуелсіздік күніне марапаттауыңызды өтінемін.

Құметпен Сізге!

Адвокат

Р.Мусакулов

07.09.2021 жыл